

ҚАЗІР АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛ ЖАБЫҚ, СОНДЫҚТАН БАРЛЫҚ ЖҮК АҒЫНЫ ТЕМІРЖОЛҒА БАҒЫТТАЛЫП ЖАТЫР. ТЕМІРЖОЛ ТӘУЛІК БОЙЫНА, ҮЗДІКСІЗ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ. БІЗ "ЕСІКТЕН ЕСІККЕ" ЖЕТКІЗУ ЖҮЙЕСІН ЖЕКЕ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫП ЖАТЫРМЫЗ. ҚАЗІР АДАМДАР ӘСІРЕСЕ КОНТЕЙНЕРЛІК БИЗНЕСКЕ КӨПТЕП КЕЛУДЕ, СЕБЕБІ ОЛ ӨТЕ ЫҒҒАЙЛЫ.

Ержан БАЙҒОЖИН,
«КТЗ Express» АҚ контейнерлік тасымалдың жедел қызметі бойынша
департамент директоры



№69 (2677)
24/08/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ВМЕСТЕ ПО ПУТИ РАЗВИТИЯ

Меры по увеличению перевозок контейнерными поездами обсудили в ходе третьей встречи руководителей железнодорожных администраций государств – членов Шанхайской организации сотрудничества (ШОС).

Роман ЛЮБИМОВ,
Нур-Султан

Мероприятие прошло в режиме видеоконференции под председательством ГУП «Таджикская железная дорога» с участием генерального секретаря ШОС Владимира Норова. Казахстанскую делегацию возглавил заместитель председателя Комитета транспорта МИИР РК Жанибек Тайжанов, сообщили в пресс-службе АО «НК «Қазақстан темір жолы».

Представители АО «НК «ҚТЖ», а также других железнодорожных администраций отметили эффективность железнодорожного транспорта в условиях пандемии. Так, наблюдается рост объема перевозок грузов в контейнерах. По

территории Казахстана основные контейнерные маршруты проходят по направлениям Китай – Европа, Китай – Россия, а также через казахстанские порты в направлении Кавказа, Турции, стран Персидского залива и других.

– АО «НК «ҚТЖ» придает особое значение развитию контейнерных перевозок по маршруту Китай – Европа – Китай, на котором успешно работает совместное предприятие Казахстана, России и Беларуси – ОТЛК ЕРА, – подчеркнул в своем выступлении Жанибек Тайжанов. – Объем перевозок только по этому коридору в 2020 году в сравнении с 2019-м вырос на 65%. За 7 месяцев 2021 года рост составил 48%.

Наблюдается также положительная динамика перевозок грузов со странами ШОС. По итогам 2020 года рост составил 6%. За 7 месяцев 2021 года объем перевозок грузов со странами ШОС сохранился на уровне 2020 года.

Участники встречи сошлись во мнении о необходимости принятия совместных мер по увеличению контейнерных поездов в международном сообщении. Одним из ключевых факторов роста контейнерных перевозок является регулярная фидерная линия на Каспии с твердым графиком движения судна, что оптимизирует оборот вагонов, контейнеров и сроки доставки. Для обеспечения роста перевозок по Транскаспийскому международ-

ному транспортному маршруту представляются специальные тарифные условия.

АО «НК «ҚТЖ» совместно с железнодорожными администрациями стран Центральной Азии, России и Китая проводит мероприятия по развитию инфраструктуры сухопутных коридоров, повышению надежности доставки грузов и качества обслуживания. В настоящее время на станции Достык строятся новые контейнерные терминалы. Начата модернизация инфраструктуры от станции Достык до Мойынты. Планируется строительство новых железнодорожных линий Дарбаза – Мактаарал и Жетыген – Казыбек бек.

В завершение встречи участники договорились о расширении сотрудничества в области строительства новых и модернизации существующих железнодорожных линий, связывающих государства – члены ШОС и другие страны. Кроме того, отметили важность принятия совместных решений по развитию взаимосвязанной инфраструктуры.

Фото Александра ЖАБЧУКА

АУҒАНҒА АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫ ШЕКТЕЛЕДІ



ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметтері бойынша былтыр Қазақстаннан Ауғанстанға 527 мың тонна бидай экспортталған. Астықтың басқа түрлерінен 12 мың тонна, майлы дақылдар 31,6 мың тонна, үн 1 млн 150 мың тонна жөнелтілген.

Ал биыл бірінші жартыжылдықта ауған бағытына қарай 328 мың тонна бидай, басқа түрлері 3,6 мың тонна, майлы дақылдар 9,4 мың тонна және үн 430 мың тонна жіберілген. Алайда бүгінде Ауғанстандағы алмағайып жағдай қазақстандық астық трейдерлерін алаңдатып отыр. Егін науқаны аяқталып, астық жөнелтетін мезгіл таяп келеді, яғни жылдағыдай экспортқа астық шығарылатын кез. Соның ішінде осы ел – астық сұранысы жоғарылап келе жатқан бағыт болатын. Енді Қазақстаннан астық жөнелтетіндердің жағдайы қалай болатыны белгісіз. Әрине, елде астықтың шығымы жылдағыдай емес, биылғы қуаңшылыққа байланысты аз өнімді экспорттау мөлшері де азаятыны белгілі.

«Астық Транс» кәсіпорнының басшысы Жандос Қуанышевтің айтуынша, егер осы бағытта вагондар айналымы төмендер болса, соған сәйкес шешім шығарылып, ол жаққа жіберілген вагондар қайта-тынына көз жетпегендіктен, вагондар жөнелтуді тоқтатады. Сондықтан тәуекел жоғарылаған жағдайда ауған еліне жүк тиеуден бас тартуды да көздеп отыр.

Ұлан ОРАЗ, Нұр-Сұлтан

ПРОШЛИ ПЛАНОВУЮ АТТЕСТАЦИЮ



Около 90% работников Оскеменского эксплуатационного вагонного депо прошли плановую аттестацию. Остальные пройдут ее после выхода из отпуска, закрытия больничных листов.

Мастер производственного обучения Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Аслан Жаугашев рассказал, что аттестации подлежали 187 человек.

– Вопросы задавались по трем инструкциям: «Правила технической эксплуатации», «Инструкция по сигнализации и связи», «Инструкция по движению поездов и маневровой работе». Все железнодорожные работники должны пользоваться этими инструкциями, которые в обиходе называются «три кита».

Плановая аттестация проводится с работниками депо раз в два года. Она проходила и в 2020-ом, но в этом году руководство Семейского отделения грузовых перевозок издало новый приказ №850, согласно которому до 4 октября 2021 года было необходимо опять пройти плановую аттестацию. Следующая пройдет в 2023 году.

Аттестация работников проходила на ПТО станции Оскемен-1, на станциях Шемонаиха, Бухтарма, Риддер, Алтай, Кумьстау.

К слову, проверить свои знания работники Оскеменского эксплуатационного вагонного депо смогут также на конкурсе «Лучший осмотрщик», который должен пройти в сентябре текущего года.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Транзит

ТРАНСКАСПИЙ ДӘЛІЗІ: ӘЛЕУЕТТІ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІГІ

Мемлекет басшысы ұлттық көлік жүйесін әлемдік көлік желісіне интеграциялау арқылы елдің транзиттік әлеуетін барынша пайдалану міндетін қойып отыр. Осыған орай ҚР ИИДМ мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қазақстан аумағы арқылы өтетін транскүрлықтық бағдарлар мен дәліздерді дамытумен мақсатты түрде айналысуда.

Нұрбек БЕКЕН,
Нур-Сұлтан

Қытай–Құрық/Ақтау–Баку/Алят–Батуми/Поти бағытымен және одан әрі үшінші елдерге, оның ішінде Баку–Тбилиси–Карс жаңа желісі арқылы мультимодальдық көлік сервисі 2017 жылы жолға қойылған болатын. Ендігі бағыт – Транскаспий халықаралық көлік бағдарының (ТХКБ немесе Middle Corridor) әлеуетін ашу. ТХКБ – мультимодальдық бағдар. Оған теміржол және теңіз көлігі тартылған. Бүгінгі таңда жүк ағынының едәуір

бөлігін Қазақстанның түрлі экспорттық өнімдері құрап отыр. Атап айтқанда, мұнай-химия өнімдері, қара және түсті металдар, СКГ, көмір, көмір коксы, ферроқорытпалар, дөңді, майлы, бұрышақ дақылдары және басқа жүк түрлері. Сонымен қатар, ТХКБ Қытай мен Орталық Азия елдерінен батысқа қарай – Еуропа, Африка елдеріне және кері бағытта жүктерді контейнермен тасымалдауды сәтті және мақсатты түрде жүргізуде.

Транскаспий халықаралық көлік бағдарының халықаралық қауымдастығы көлік нарығының 20-дан астам маңызды мүше-

лері – магистральдық инфрақұрылым иелері мен 8 елдің тасымалдаушыларын біріктіріп отыр. Олар – Әзербайжан, Грузия, Қазақстан, Қытай, Польша, Румыния, Украина және Түркия елдері. Транскаспий дәлізінің ашылуына Қазақстан бастамашы болғандықтан, Қауымдастықтың штаб-пәтері Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан. Осы жазда Қазақстан жоба қатысушыларына мүшелікке қосылу туралы өз шешімін жариялады. Өйткені, транзиттік тасымалдар көлемінің жыл сайын артуы осы бағыттың үлкен әлеуетін айқындап берген еді.

Жалғасы 2 бетте

ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА – ЭКОЛОГИЧНЫЙ ТРАНСПОРТ

20 августа 2021 года в Чолпон-Ате (Кыргызстан) в рамках межправительственного Совета ЕАЭС в присутствии глав правительств стран – членов Союза подписан меморандум о содействии устойчивому развитию транзитного потенциала и экологической безопасности железных дорог государств – членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС).

Айымхан КОЖА
Нур-Сұлтан

Важно, что проект ОТЛК обеспечит снижение углеродного следа без дополнительной финансовой нагрузки на клиента.

Подписи под документом поставили председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Нурлан Сауранбаев, генеральный директор – председатель правления ОАО «Российские железные

дороги» Олег Белозеров и начальник Белорусской железной дороги Владимир Морозов.

Из общего объема транзита в ЕАЭС (более 900 тысяч контейнеров) в прошлом году АО «ОТЛК ЕРА» организовало перевозку более 547 тысяч на самом протяженном маршруте между Европой и Китаем.

Меморандум определяет новый этап проекта – ускоренную цифровизацию и совершенствование экологических

параметров железнодорожного транзита, который уже сегодня отличается наименьшим углеродным следом.

Подписанию меморандума предшествовало заседание акционеров АО «ОТЛК ЕРА», на котором главы железных дорог поручили менеджменту компании сосредоточиться на разработке новых логистических схем и дальнейшем совершенствовании перевозочного процесса.

Акционерами также принято решение придерживаться курса на сохранение и улучшение зависящих от АО «ОТЛК ЕРА» коммерческих параметров сервиса для потребителей.

Согласно исследованиям транспорта и окружающей среды, опубликованным Европейским агентством по окружающей среде (ЕАОС), поездка на поезде остается самым экологически чистым видом пассажирского транспорта с точки зрения выбросов парниковых газов по сравнению с поездкой на автомобиле или самолете.

Согласно данным индекса ERAI, объем выбросов диоксида углерода при перевозке по железной дороге одного и того же объема грузов значительно меньше, чем при перевозке автомобильным транспортом или самолетом.



Акмарал БАЙГАБУЛОВА,
и.о. директора департамента управления
человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ»:

СОЦИАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА РАБОТНИКОВ ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ ГЛАВНЫХ ПРИОРИТЕТОВ ПОЛИТИКИ АО «НК «ҚТЖ». РУКОВОДСТВО КОМПАНИИ ПРИЛАГАЕТ ВСЕ УСИЛИЯ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ ЗАЩИЩЕННОСТИ СОТРУДНИКОВ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

БИЫЛ ЕЛІМІЗДЕ

159

ВОКЗАЛ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАР
ТАЛАПТАРЫНА КЕЛТІРІЛМЕК

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРГІ ЖЕТІ АЙ
ІШІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДА МҰНАЙ
ӨНІМДЕРІН ТИЕУ

8%

-ҒА АРТТЫ

БИЫЛ ҚОСТАНАЙ ТЕМІРЖОЛЫНДА

26 км

МАЛДАН ҚОРШАУ САЛЫНБАҚ

Транзит

ТРАНСКАСПИЙ ДӘЛІЗІ: ӘЛЕУЕТТІ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІГІ

(Соңы. Басы 1бетте)

2020 жылы басталған пандемия Қауымдастық мүшелерінің жоспарлары мен құрылған логистикалық байланыстарына да айтарлықтай әсер етті. Алайда, контейнерлік тасымалдардың өсуі осы күрделі жылда да тоқтаған жоқ. Өткен жылмен салыстырғанда 9% немесе 8,1 мың ЖФЭ артты. 2021 жылы ТХКБ бағытындағы жүк тасымалы қайта жанданғанын атап өтуіміз керек. Бірінші жартыжылдықта 7,4 мың контейнер тасымалданып, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңінен 2,3 есе артық шықты. Бес жыл ішінде, 2017 жылдан бастап 2020 жылға дейін бағдар бойынша 3,9 млн тоннадан астам сыртқы сауда жүктері, оның ішінде 20 футтық баламада 71 мың контейнер тасымалданды. Оның 2,1 млн тоннасы – қазақстандық экспорттық жүктер.

Биылғы бірінші жартыжылдықта Middle Corridor бойынша 60 контейнерлік пойыз өткен. Сиань қаласынан (ҚХР) Түркияның Измитіне дейінгі бағдар қазірдің өзінде тұрақты боп саналады. «Nomad Express» контейнерлік пойызы әр он күн сайын жолға шығып, Еуропаға бағытталған кесте қатаң сақталуда. Қаңтар-маусым айларында бұл бағытта 19 теміржол жүк құрамы өтті.

Түркияның Мерсин және Черкезой бағыттары да жыл соңына дейін тұрақты кестеде бекітілуі мүмкін. Биыл алғашқы 6 айда мұнда Қазақстан арқылы транзитпен 34 контейнерлік пойыз жүріп өткен. Жобаға қатысушы Қауымдастық мүшелері ТХКБ бойынша жүктердің жүру уақытын одан әрі жақсарту үшін тосқауылдарды алып тастап, сервисі жақсарту жұмыстарын жалғастырмақ.

ТХКБ-ның нәтижелі дамуына жаңа логистикалық сервисдерді жетілдіру және баскеге қабілетті тарифтік мөлшерлемелерді қалыптастыру ықпал етері анық. Маршрут бойынша тұрақты мультимодальдық көлік сервисі, бекітілген кешенді тарифтік мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылады. Жобаға қатысушы елдер тарифтік мөлшерлемелерді алдағы тасымал жылына қарастыра отырып, бекітеді және олар барлық тасымалдау операторларының орындауына міндеттеледі. 2017 жылы Қауымдастық құрылған сәттен бастап ТХКБ бағдарындағы тарифтер вагон тасымалдарына (10 позиция), фидер кемесімен контейнерлік тасымалдарға (23 бағыт) және паромдық қатынастармен (11 бағыт) Қытайдан/Қазақстаннан/ОА елдерінен Түркияға, Румынияға, Украинаға, Польшаға, сондай-ақ кері бағытта базалық деңгейден 60% төмендеген болатын.

Жұырда Киевте Транскаспий халықаралық транзиттік бағдарын дамыту жөніндегі сараптамалық жұмыс тобының кезекті отырысы өтті. Қауымдастық қатысушылары жүк тасымалының қазіргі жағдайы мен бағдардағы қауіпсіздік жайын талқылап, Қауымдастық Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізді және 2021 жылға бекітілген тарифтік мөлшерлемелерді өзектендірді. Сондай-ақ қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты жаңартылған редакцияда келісімдердің жаңа мәтіндерін келісті.

АҒЫМДЫҚ КҮТІМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қазалы



Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшылары пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін арттыру мақсатында байланыс құрылғыларына ағымдық күтім жасауға айрықша мән береді.



Күнделікті ағымдық күтімге дейін бірнеше рет арнайы құрылғылармен белгілі мамандар тарапынан тексеріліп, технологиялық талап деңгейіне келтіру – олардың күнделікті атқаратын жұмысы.

Міне, бүгін де инженер Жанболат Досжановтың басшылығымен Талғат Асанов, Жаслан Нұржаубаев, Сержан Әбдәлимов, Ербосын Сұлтанов, электромонтер Толқынбек Жағасбаев электрлі жетек күтімін жасап, тетіктерінің толық жұмыс жасап тұрғандығына көз жеткізуде. Олар электрлі жетек қозғалтқышының қуат кернеуінің 220 вольт болуын, жетектің бағыттамалық бұрманы ашып-жапқан кезде кідіріссіз жұмыс жасауын, жұмыс кезінде қуат күшінің жоғалмауын бірнеше мәрте диспетчерлермен рация арқылы хабарласып, тексеруден өткізді. Жетек бекітпелері, монтаж желілері, жетектің қорғаныш қақпағы, изоляциялық қорғаныш төсемелерінің беріктігі тағы бір мәрте бақылаудан өткізілді. Тексеріс барысында электрлі жетектің толық жұмыс жасап тұрғандығына көз жекізілген соң келесі нысанға өтті.

– Байланыс құрылғыларының қалыпты жұмыс жасауы ағымдық және күнделікті күтім жұмыстарының нәтижесіне байланысты. Бүгін станциялық жолдың солтүстік алқымындағы электрлі жетектің қалыпты жұмыс жасауын тексерістен өткіздік, жетек толық жұмыс жасап тұр, – деді инженер Жанболат Досжанов.

Суретті түсірген автор

ЖАСАНДЫ ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ ЖӨНДЕУ ҚАЖЕТ



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жан ПЕРДБЕК,
Түркістан

Айта кетсек, былтыр жолдың сапасы төмен болған, жоспар бойынша 81 балл, орындалуы 89 балды көрсеткен. Қанағаттанарлықсыз шақырым 102, яғни 24 шақырымға азайтылды. Бұдан бөлек, жол өлшегіш вагон 3 және 4 дәрежелі ауытқулардың да азайғанын анықтаған. Жол дистанциясының мамандары жетектің жыл ішінде ақауатпақшы құралдар жұмысын да саралады. Ақауатпақшы арбалармен жолдың техникалық күйін тексеру тиімділігі өз нәтижесін берді. Яғни, ақауатпақшы арбаның көмегімен жыл басынан бері 258 ақау анықталған. ПЧ-53 бойынша – 115, ПЧ-54 бойынша – 143.

Жасанды құрылыстар мен жер төсемінің жай-күйі туралы да талдау жұмыстары белгілі болды.

Шымкент магистральдық желі бөлімшесіне қарасты темір жол учаскелеріне Шымкент және Арыс жол дистанциялары қызмет көрсетеді. Мамандар жыл басынан бері жолдың балдық бағасы жоспар бойынша 96 балл, орындалуын 88 балл деп бағалап отыр.

Бірқатар жасанды құрылыстар жөндеуді қажет етеді.

Бөлімшеге қарасты 761 жасанды құрылыс бар, оның ішінде 210 көпірдің 11-і металл, 454 құбыр, 3 жол өтпесі, 7 жаяу жүргінші көпірі,

етіп тұр. Сондай-ақ, жөндеуді талап ететін арық пен су бұру құрылыстары, бойлық науалар да жолшылар назарынан тыс қалған жоқ.

Өткен жылы Шымкент қала-



БӨЛІМШЕГЕ ҚАРАСТЫ 761 ЖАСАНДЫ ҚҰРЫЛЫС БАР, ОНЫҢ ІШІНДЕ 210 КӨПІРДІ 11-І МЕТАЛЛ, 454 ҚҰБЫР, 3 ЖОЛ ӨТПЕСІ, 7 ЖАЯУ ЖҮРГІНШІ КӨПІРІ, Т.Б. ОЛАР 1903-1971 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДА САЛЫНҒАН. ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕСІ 25 АҚАУЛЫ КӨПІРДІ АНЫҚТАДЫ, ЯҒНИ ПЧ-53-КЕ ТИЕСІЛІ 13 КӨПІР, ПЧ-54-КЕ ТИЕСІЛІ 12 КӨПІР ЖӨНДЕУДІ ҚАЖЕТ ЕТІП ТҮР.

т.б. Олар 1903-1971 жылдар аралығында салынған. Тексеру нәтижесі 25 ақаулы көпірді анықтады, яғни ПЧ-53-ке тиесілі 13 көпір, ПЧ-54-ке тиесілі 12 көпір жөндеуді қажет

сының әкімдігіне және Түркістан облысы әкімдігіне ұлттық компания атынан «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені бар бейнекамераларды «Көркем

Телеком» ЖШС-мен бірлесіп төрт өткелде орнату туралы хаттар жіберілген болатын. Олар: 3294 шақырымдағы 9 пикет, 3301 шақырымдағы 8 пикет, Бадам станциясы 3255 шақырымдағы 10 пикет пен 3102 км 7-ші пикеттер. Облыс әкімдігінің қызметкерлері полиция департаментімен келіссөздер жүргізіп, облыстық цифрландыру басқармасына сауал жолдады, әзірге шешім қабылданған жоқ. Шымкент қаласы бойынша цифрландыру бөлімінің мамандары жаңа бизнес жоспар құрып, күзетілетін өткелдерде жол жүру ережесін орнату мәселесі қаралуда деген ақпарат бар.

Жалпы, 3102, 3113, 3294, 3255, 3301, 3250 шақырымдардағы төсемдерді резеңке плиталармен ауыстыру, жол ережесін бұзушыларды бейнекамераға жазу үшін барлық күзетілетін өткелдерде бейнебақылау орнату мәселесі жолшылар тарапынан жыл сайын көтеріліп келеді. Алты өткелде автоматты шлагбаумдар орнату және жаңа стандартты үй-жайлар салу, Арыс-Шымкент учаскесі мен Арыс-Сарыағаш, Түркістан-Арыс учаскесі, Қазығұрт-Ленгир учаскесі өткелдерінде бағдарламалық қарқындылығы 10 мың бірліктен астам автокөліктің, оның ішінде 500 бірліктен астам автобусты құрайтын автоөткізгіштер салу қажет деп жоспарлап отыр.

КӨМІР ТАСЫМАЛЫ КҮРТ ҚАРҚЫН АЛДЫ



ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮК

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Сонымен қатар, көмір сатып алуға тендерлер жарияланып, өңірлік операторлар да айқындалған. Бұл шаралар теміржолшыларды да қауырты қимылға көшуге мәжбүрлеп отыр. Мәселен, қазіргі таңда ел шығысында халыққа көмір бағасы мен маркаларын, сатылатын жерлер мен оларда көмірдің бар-жоғын түсіндіріп, тиісті ақпарат беріп отыратын арнайы «жедел желі» құрылуда. Яғни, көмірдің жеткізілімі мен сапасына қатысты тұрақты мониторинг жүргізіледі деген сөз.

– Жалпы, еліміз бойынша көмірді негізінен төрт көмір өндіруші компания жеткізеді. Олардың нарықтық үлесі жеткізудің жалпы көлемінің 89%-на тең. Атап айтқанда, бұл көрсеткіштің ішінде «Шұбаркөл Көмір» АҚ үлесі – 28%, «Қаражыра» АҚ үлесі – 25%, «Майкубен-Вест» ЖШС үлесі – 25%, «Богатырь Көмір» ЖШС үлесі – 11%. Соның ішінде ұлттық компанияның басты әріптесі саналатын «Қаражыра» АҚ ел шығысын толық қамтиды.

Бұл компания көмір тасымалын таяу жылдар аралығында 10 млн тоннаға жеткізуді жоспарлаған болатын. Яғни, теміржолшылар үшін де жүктеме артады, – дейді бұл орайда пікір білдірген бөлімшенің логистика және тасымалдық ұйымдастыру бөлімі мамандары.

Қазіргі таңда Қаражырадан көмір тиеу жоспар аясында жүйелі жүргізілуде. Бұл ретте теміржолшылар бір ғана Шығыстағы тұрмыстық-коммуналдық саланы 88 пайыз қатты отынмен қамтып отыр. Білім беру мекемелерінің даярлығы – 100 пайыз. Ал, Семей ЖТ бөлімшесі мамандарының есебінше, аймақтағы көмірдің бір жылу маусымына қажеттілігі – 3 900 000 тонна. Қазіргі таңда Дегелең станциясындағы тоқтаусыз техникалық процесс нәтижесінде бұл көрсеткіштің 97 пайызы даярланған. Жұмыстың бұлайша кең өріс алуына бір есептен облыс әкімдігінің жергілікті атқарушы билік өкілдерін, аудан, қала басшылығын «қамшылау» да себеп болуда. Нәтижесінде, теміржолшылар қауымына да салмақ түсіп отыр.

Ал, алдағы қыркүйек айының



басында жеке тұрғындарға қажетті көмір барлық тұйық теміржол желілеріне үзіліссіз әрі толықтай жеткізілетін болады. Қазіргі күні Семейдегі 4 тұйық желіде көмір жылым таусылатын болған. Қазіргі күні Дегелең станциясынан көмір тиелген төрт пойыз тұрақты түрде жолға шығарылуда. Жылжымалы құрамдардың барлығы да ауыр салмақты болғандықтан пойыз құрастыру ісі біршама күш салуды талап етеді екен. Бүгінде салмағы 6 200 тонналық 63 вагоннан тұратын

жылжымалы құрамдар әр қиырға жол тартуда.

Күрт қарқын алған көмір тасымалына орай қазіргі күні бірқатар шаралар қолға алынған. Барлық жүк станцияларындағы маневрлік жұмыстар жеделдетілген түрде жүзеге асырылуда. Локомотив пен вагон ташылығын болдырмау мәселесі де алдыңғы кезекке қойылуда. Бұл бағыттағы шаралар екінші жартыжылдықтың көрсеткіштерін еселейді деген болжам бар.

Суретті түсірген автор

ҚОЗҒАЛЫСТА КІНӘРАТ БОЛМАУЫ ТИІС



АЙМАҚ

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл облысы

Жыл басынан бері станциялар мен бекеттерде 24 техникалық тексерудің ұйымдастырылуы – соның дәлелі. Апта сайын өтетін селекторлық кеңестің 22-сі осы тақырыпты қамтыпты. Оларда қозғалыс қауіпсіздігі күндерін сапалы өткізу, атқарылған жұмыстардың қорытындыларын және пайдалану көрсеткіштерін жаңарту мәселелері қаралған.

Бөлімшенің техникалық қауіпсіздік бөлімінің басшысы Сұлтан-Мұрат Тоқтанаевтың айтуынша, тексеру шаралары барысында станцияларда қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған технологиялық процестерге жіті назар аударылады. Сонымен қатар нормативтік техникалық қамтуға мән беріліп, желілік қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін талапқа сай орындауы да назардан тыс қалмайды.

– Биыл пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін бұзудың қайталануының алдын алу бойынша бірқатар шаралар қабылдадық, Филиалға бағы-

нысты мекемелерге мақсатты, кенеттен, жалпы тексерулер жүргізіліп, нәтижесінде бұзушылық орын алған жоқ. Станция қызметкерлерінің лауазымдық міндеттеріне сай еместігі де, келіссөздер регламентінің, вагондарды бекіту тәртібінің, техникалық талаптардың бұзылу деректері де анықталған жоқ. Десе де, жекелеген теміржолшылардың техникалық эксплуатациялық ережелерді, пойыздар қозғалысының, дабыл және байланыс қағидаларын біле бермейтініне, сондай-ақ жергілікті нұсқаулықтардың жеткіліксіздігіне көз жеткіздік», – деп атап өтті Сұлтан-Мұрат Аликұлы.

Жауапты маман мал мен бөгде адамдардың жол бойына шығып кетпеуі үшін де нақты шаралар атқарылғанын мәлімдеді. Бұл бағытта жыл басынан бері 64 түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, 600 азаматты қамтып, теміржол аумағының қауіпсіздігі мен қағидалары тақырыбында жиын өткен. Сонымен қатар көпшілікке жадынамалар мен бейнетаспалар таратылған. Тараз желілік полиция бөлімшесі, әскерилендірілген күзет қызметі мамандарымен бірлесіп

36 рейдтік тексеру шарасы жүргізілген.

«Мұның ішінде мал қоршауының және қауіп туралы ескерту белгілерінің болуына қатысты, жолдардағы, бағыттамалы бұрылыстардағы ескерту-дабыл құрылғыларының, теміржол желілері арқылы адамдардың жаппай өту орындарындағы дабыл байланыстарының жарамдылығына, естілуіне қатысты 14 тексеріс жасалды. Анықталған олқылықтарды көрсете отырып, Жамбыл магистральдық желі басшылығының атына қызметтік хат жолдалдық. Ол кемшіліктердің қармағы бүгінде қалпына келтірілді», – деді С. Тоқтанаев.

Қозғалыс шаруашылығында бұдан өзге де атқарылған жұмыстар жетерлік. Айталық, «Назар аударыңыз – тежегіш башмақ» онкүндігі ұйымдастырылып, станция, локомотив және вагон пайдалану деполары қызметкерлерінің техникалық оқыту деңгейін арттыру мақсатында кәсіби білімді жетілдірудің үш айлық курсы өткен. Шу, Тараз, Түркісіб станцияларында вагондарды тарату технологиясын сақтау айлығы жарияланған.

Профсоюз

ЦЕЛИ И ЗАДАЧИ – ОБЩИЕ

В Грузии состоялось 60-е заседание Совета Международной конфедерации профсоюзов железнодорожников – Международного профсоюзного объединения (МКПЖ).

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

В мероприятии очное участие приняли представители профсоюзов девяти стран: Казахстана, России, Беларуси, Азербайджана, Армении, Грузии, Кыргызстана, Таджикистана, Украины, в видеорежиме присоединились профсоюзы Молдовы, Литвы, Узбекистана и Эстонии. В качестве приглашенных гостей заседание посетили представители профсоюза железнодорожников Чехии. Казахстанскую делегацию возглавил председатель ОО «Казпрофтранс» Оразгали Ахметбаев.

Повестка заседания включала вопросы текущей деятельности МКПЖ, социально-экономического положения трудящихся отрасли и действий профсоюзов по преодолению влияния пандемии на трудовые отношения и занятости.

Кроме того, был избран новый председатель Международной конфедерации профсоюзов железнодорожников, им стал глава РОСПРОФЖЕЛ Сергей Черногаев.

ПОДДЕРЖКА В ПАНДЕМИИ

В ходе заседания отмечалось, что из-за вводимых в странах ограничений в связи с covid-19 осуществлен перевод большинства мероприятий в онлайн-режим. С начала 2021 года в рамках МКПЖ на общей платформе сервиса Zoom проведено 20 видеоконференций. Приоритетной деятельностью железнодорожных компаний и профсоюзов в период пандемии стала охрана здоровья и безопасности работников. В компаниях созданы штабы с участием профсоюзов по управлению чрезвычайной ситуацией.



Председатель ОО «Казпрофтранс» Оразгали Ахметбаев в своем выступлении проинформировал о проводимой в этом направлении работе.

– С 1 июня 2020 года для работников АО «НК «КТЖ» с положительным диагнозом на covid-19 период временной нетрудоспособности оплачива-

ленность сокращена почти на 7,5 тысячи человек, при этом реально уволенных было менее 300 сотрудников, остальные трудоустроены. В КТЖ четвертый год действует мораторий на прием новых работников, что привело к дефициту кадров, большим переработкам – вместо допустимых 12 часов – до

ЗА ГОДЫ СВОЕЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МКПЖ ОРГАНИЗОВАЛА И ПРОВЕЛА БОЛЕЕ 90 НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИХ ФОРУМОВ, КОНФЕРЕНЦИЙ, СЕМИНАРОВ И СОВЕЩАНИЙ ПО ШИРОКОМУ СПЕКТРУ СОЦИАЛЬНО-ТРУДОВЫХ ПРАВ ТРУДЯЩИХСЯ, ПРИЧЕМ 14 – СОВМЕСТНО С ПРЕДСТАВИТЕЛЯМИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ АДМИНИСТРАЦИЙ.

30 часов в месяц. Профсоюз добился необходимости оплаты всех переработок. Кроме того, совместно с руководством АО «НК «КТЖ» проведено изучение ситуации в регионах, по итогам которого вынесено решение о повышении заработной платы железнодорожникам. В январе 2021 года зарплата увеличилась на 10%, но этого было недостаточно. В апреле с изменением системы оплаты для ряда категорий работников она увеличена до 20%. В июне также прошло повышение на 10%.

Оразгали Ахметбаев также сообщил, что в АО «НК «КТЖ» продолжается оптимизация персонала. За 2020 год чис-

АНАЛИЗ СИТУАЦИИ – ЧЕРЕЗ АНКЕТУ

Анкетирование по условиям труда, отдыха и оплаты работников проводится в соответствии с договором о сотрудничестве МКПЖ и ЕФТ и плана совместных мероприятий на 2020-2022 годы, одобренного на 57-м заседании Совета МКПЖ.

Уникальность этого проекта в его международном характере, равноправном сотрудничестве двух международных объединений профсоюзов. Большой вклад в разработку анкеты внесла рабочая группа Казпрофтранса во главе с заместителем председателя Бахытжаном Куанышевым.

Доступ к анкете будет предоставлен в личном окне профсоюза платформы SurveyMonkey.

Она содержит 9 разделов и включает 152 вопроса, в том числе касающихся здоровья, отдыха, условий обучения работников поездных бригад, оплаты и особенностей труда при выезде в зарубежные страны, членства в профсоюзе и т. д.

ВНИМАНИЕ РАЗВИТИЮ

За годы своей деятельности МКПЖ организовала и провела более 90 научно-практических форумов, конференций, семинаров и совещаний по широкому спектру социально-трудовых прав трудящихся, причем 14 – совместно с представителями железнодорожных администраций.

Цикл проведенных вебинаров включал основы делового этикета, командообразование и делопроизводство в первичной профсоюзной организации, эффективное ведение переговоров, таймменеджмент, навыки анализа финансовой отчетности, подготовку к публичному выступлению и другие темы.

Во время юбилейного заседания утвердили состав Молодежной комиссии МКПЖ. Совету МКПЖ поручено организовать в ноябре текущего года VII Международный молодежный форум профсоюзов железнодорожников.

Фото автора

СЕРИКБАЙ АЙТЫШҰЛЫ АҒМЕНТАЕВ

«КТЖ» ҰК» АҚ басшылығы мен ұжымы Құрметті теміржолшы Серікбай Айтышұлы Ағментаявтың қайтыс болуына байланысты оның туған-туыстары мен ет жақындарына қайғыларына ортақтасып, шын жүректен көңіл айтады. Көрнекті өндіріс жетекшісі, өз ісінің маманы, өнеге алуға лайықты адам өмірден озып отыр. Серікбай Айтышұлы темір жол көлігінде 46 жыл еңбек етіп, станция кезекшісінен Ұлттық компания филиалының директорына дейінгі жолдан өтті.



Көп жылғы адал еңбегі үшін «Құрметті теміржолшы» белгісімен, «Қазақстан темір жолына 100 жыл» мерейтойлық медалмен, «Құрмет» орденімен, «ТҮРКСІБ – 90» төсбелгісімен марапатталған тарлан теміржолшының есімі Алматы қаласының «Алтын кітабына» енгізілген.

Серікбай Айтышұлы – Отанға, таңдаған ісіне қалтқысыз қызмет етудің жарқын үлгісі болды. Оны терең адамгершілік қасиеті мен жоғары кәсібилігі, өмірсүйгіштігі мен болашаққа деген сенімі ерекшелеп тұратын.

Марқұмның жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын!

21 августа 2021 года на 76-ом году скоропостижно ушел из жизни заслуженный ветеран, Почетный железнодорожник **Серикбай Айтышевич Агментаяв**, внесший весомый вклад в развитие железнодорожной отрасли Казахстана.

Начав трудовую деятельность дежурным по станции Шымкент, прошел все ступени карьерного роста. Почти 20 лет руководил Алматинским отделением – одним из самых сложных транспортных предприятий. Его справедливо называли НОДом международного перехода, так как им было вложено много сил и энергии в развитие приграничной станции Достык.

За умелое и грамотное руководство Алматинским отделением и развитие станций Алматы-1 и Достык он награжден знаком «Почетный железнодорожник».

Большие организаторские способности Серикбая Айтышевича проявились, будучи депутатом областного совета по Алакольскому округу. На этом посту он внес большой вклад в социально-экономическое развитие области.

Его отличала беззаветная преданность железнодорожному транспорту, человечность и отзывчивость по отношению к коллегам.

Выражаем глубокие искренние соболезнования родным и близким в связи с невосполнимой утратой.

Серикбай Айтышевич навсегда останется в наших сердцах как компетентный, принципиальный и преданный железнодорожному транспорту руководитель.

Б. Б. Дүйсемалиев, Ю. И. Лавриненко, К. С. Самбетов, М. Ш. Хамзин, Б. С. Асқалов, Ж. А. Асметов, Б. Е. Шормарков, А. К. Избеженов, Л. В. Осадчева, Ж. Д. Тайгашин

Руководство ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» выражает глубокие и искренние соболезнования родным и близким в связи со скоропостижным уходом из жизни **Серикбая Айтышевича Агментаява**.

Свою трудовую деятельность на железной дороге начал в 1968 году. Пройдя путь от дежурного по станции до директора филиала национальной компании, внес большой вклад в развитие железнодорожной отрасли. Был награжден знаком «Почетный железнодорожник», юбилейной медалью «Қазақстан темір жолына 100 жыл», орденом «Құрмет», нагрудным знаком «Түркісіб-90» занесен в «Золотую книгу» города Алматы.

Серикбай Айтышевич – яркий пример беззаветного служения Родине, избранному делу, всегда имел активную позицию, его отличала глубокая человечность, подлинная интеллигентность, высокий профессионализм, жизнелюбие и оптимизм.

Светлая память об Серикбае Айтышевиче Агментаяеве навсегда останется в наших сердцах!

«Центральный совет ветеранов железнодорожников АО «НК «КТЖ» и Совет ветеранов центрального аппарата акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» глубоко скорбят и выражают искренние соболезнования родным и коллегам в связи с кончиной Почетного железнодорожника **Серикбая Айтышевича Агментаява**

Глубоко скорбим и выражаем искренние соболезнования родным, близким и коллегам в связи со скоропостижным уходом из жизни настоящего железнодорожника и ветерана труда **Серикбая Айтышевича Агментаява**.

Пройдя последовательно важнейшие ступени профессионального становления и служебного роста Серикбай Айтышевич зарекомендовал себя грамотным и чутким руководителем, истинным профессионалом и хорошим человеком. Светлая память о нем навсегда останется в наших сердцах. В эти тяжелые дни мы разделяем тяжесть утраты и желаем вам крепости духа и стойкости.

Председатель наблюдательного Совета КазАПО И. П. Сегал, генеральный директор КазАПО С. М. Адамбаева, зам. генерального директора КазАПО М. А. Сабетов

Выражаем искренние соболезнования родным и близким по поводу внезапной кончины Почетного железнодорожника Казахстана **Анатолия Ивановича Ширяева**.

Уход из жизни истинного железнодорожника – большая потеря для всех нас. В эти тяжелые дни мы разделяем тяжесть утраты и желаем вам крепости духа и стойкости. Светлая память об Анатолии Ивановиче навсегда останется в наших сердцах.

Председатель наблюдательного Совета АНЭК И. П. Сегал, генеральный директор АНЭК М. А. Сабетов, зам. генерального директора АНЭК С. М. Адамбаева

Центральный совет ветеранов и Совет ветеранов центрального аппарата акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» выражают глубокие соболезнования члену Консультативного совета АО «НК «КТЖ», Почетному железнодорожнику Бахтарбеку Жунусову, его родным и близким по поводу невосполнимой утраты – кончины супруги **Сакип Сулейменовой**

ПЛОДЫ ПРОЕКТА НАЛИЦО



По железнодорожной линии Аркалык – Шубарколь Карагандинского региона ежемесячно отправляется более 5 тысяч вагонов с социально значимым грузом. На сегодняшний день протяженность участка составляет 214 километров.



Светлана МОГАЙ,
Караганда

По словам начальника оперативного отдела Карагандинского отделения магистральной сети отделения ГП Жаната Жумашева, строительством объекта занимался консорциум, состоящий из трех крупных строительных фирм – ТОО

«Жол жөндеуші», ТОО «АБК Неруд», ТОО «Найза Құрылыс». Каждая подрядная организация выполняла укладку земляного полотна, строительство сооружений и зданий на станциях и разъездах, двух путепроводов и восьми мостов, а также 124 водопропускных труб.

– Более тысячи человек и

500 единиц техники было задействовано в строительстве железнодорожного полотна от Аркалыка до Майбулака, а от Шубарколя до Майбулака – порядка 800-900 рабочих и 400 единиц техники, – вспоминает Жанат Жумашев. – Таким образом, было построено пять станций, четыре разъезда, а также осуществлена полная реконструкция станции Аркалык, которая некогда считалась городком геологов и строителей. Сейчас она имеет статус перспективного и значимого узла.

Как отметил Жанат Жумашев, одной из крупнейших станций считается Шубарколь. Ранее, чтобы доставить уголь в Европу, следовало совершать путь через Астану, а затем Костанай. В общей сложности груз

преодолевал расстояние в полторы тысячи километров. Однако как только начала функционировать железная дорога расстояние сократилось более чем на тысячу километров. Соответственно, себестоимость угля стала ниже, а конкурентоспособность этой продукции значительно возросла.

По итогам продолжительной работы на участке Аркалык – Шубарколь было собрано 92 километра рельсошпальной решетки. Из них 50 – на станции Исиль под Аркалыком и 42 – на станции Жана-Арка. Всего вывезено на шубаркольский склад порядка 20 тысяч кубов щебня. Работа по сборке рельсошпальной решетки велась круглосуточно. К тому же в поселке Шубарколь для приезжих специалистов было сдано 88 квартир.

– В настоящее время участок Аркалык – Шубарколь считается одним из наиболее значимых и перспективных. Ввод в эксплуатацию железнодорожной ветки обеспечил республике прямой выход на Россию и Западноевропейские страны. Это оказало положительное влияние не только на развитие региона, но и Казахстана в целом.

Фото автора

ПОСТАВИТЬ ЗАСЛОН ХАЛАТНОСТИ



В Костанайском отделении магистральной сети круглый год проводят профилактические мероприятия, направленные на то, чтобы максимально снизить риски столкновений и ДТП на железнодорожных переездах.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Азамат Бегимбаев, в ходе данной работы в регионе ознакомлены с правилами безопасности на переезде более 5 000 водителей. Проведены профилактические беседы на 20 предприятиях в присутствии более 500 человек.

Помимо этого, в местные акиматы направлено 70 писем, а на переездах вывешено более 30 предупреждающих плакатов. Кроме этого, работники отделения магистральной сети совместно с сотрудниками линейной полиции провели порядка 200 рейдов на переездах.

Не меньшую опасность представляют посторонние люди на путях. И здесь тоже круглогодично ведется профилактическая работа. На станциях и в школах с целью



ознакомления с правилами безопасности при пересечении железнодорожных путей проведено порядка 150 собраний, на которых присутствовало более 5 000 человек. Совместно с сотрудниками ЛОВД проведено более 30 рейдов вдоль путей, в ходе которых наложено три административных штрафа на нарушителей. В дополнение, в местные акиматы направлено более 170 писем.

Фото автора

БЫТЬ БДИТЕЛЬНЫМИ



102

Совместное совещание с Линейным отделом полиции на станции Оскемен-1 провели представители Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо по вопросам безопасности и сохранности личного имущества работников этого железнодорожного предприятия.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Поводом к усилению мер безопасности послужил недавний случай, когда на помощника машиниста эксплуатационного локомотивного депо станции Шу напал неизвестный, нанеся ему травмы и забрав барсетку с деньгами. Пострадавший был доставлен в больницу, по факту нападения возбуждено

уголовное дело.

– Для недопущения таких случаев мы с ЛОП на станции Оскемен-1 приняли протокольное решение предупредить всех работников о бдительности и соблюдении личной безопасности на рабочем месте, особенно ночью, ознакомить с ним все причастные службы,



– говорит начальник сектора производственной безопасности и экологии Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Канат Макашев. – И, конечно, сами работники должны проявлять осторожность, бдительность, подстраховывать себя. Свою работу по охране порядка усилят и работники ЛОП.

Такие случаи не должны повторяться.

По словам Каната Макашева, работников депо они ознакомили с произошедшей в Шу историей, провели внеплановые инструктажи, предупредили о возможных угрозах для личной безопасности со стороны посторонних лиц.

Фото Каната МАКАШЕВА

ӨНДІРІСТЕ ЖАПА ШЕККЕНГЕ ӨТЕМ БАР



кәсіп одақ

Мемлекеттік органдар мен жұмыс берушілер еңбекті қорғау саласында қабылдап жатқан кешенді шаралар өндірістік жарақаттарды азайтуға мүмкіндік беріп отыр. Соңғы жылдары елімізде жарақаттану саны 15 пайызға төмендеген.

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының жұмысшыларымен арадағы Ұжымдық келісімшарты негізінде өндірісте бақытсыз оқиғаның құрбаны болып, жазатайым жапа шеккендердің жағдайы қараусыз қалмайды. «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасының орынбасары Жұпарбек Сәбитовтің айтуынша, бір теміржолшы жұмыста жүріп жазатайым оқиғадан

қайтыс болып кетсе, заң және ұжымдық шарт бойынша оның отбасына келтірілген шығын төленеді.

– Өндірісте жіберілген қателіктің кесірінен көз жұмғаны нақты дәлелденсе, қайтыс болған теміржолшының отбасына компания оның 10 жылдық жалақысын немесе 10 мың АЕК көлемінде ақы төлейді, бұл дегеніміз – бүгінгі күнде 30 млн теңге. Ал 1,2-топтағы мүгедек болып қалса, соның жартысын, яғни 15 млн теңге төлейді.

3-топтағы мүгедек болса, 3 жылдық жалақысы төленеді. Сондай-ақ одан бөлек бір саусағын жоғалтып алу сияқты басқа да жұмысқа қабілеттілігі азаятын болса, оған қосымша 1 жылдық жалақысы төленеді, бұл ретте ол әрі қарай жұмысын жалғастыра береді, – дейді Ж.Сәбитов.

Оған қосымша, мүгедектерге көрсетілімі бойынша медициналық әлеуметтік сараптама комиссиясы шешім шығарады. Мысалы, аяғын кесіп кетсе, оған мүгедектігіне байланысты 10 жылға бір машина компания есебінен сатып алынып беріледі. Жағдайы болмаса комиссия шешімімен арба сатып алып береді. Сонымен қатар протезіне ақша, кей жағдайларда азық-түлікке, сосын алған жарақатына байланысты көзін, барлық органдарына керек заттар бойынша көмек көрсетіліп отырады.

Дорогой добра

ХОРОШИЕ ДЕЛА ЗАПОМНЯТСЯ

Молодежный совет филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» оказал помощь в распределении около 70 детей из детских домов в секции футбола города Караганды.



Светлана МОГАЙ,
Караганда

В настоящее время ребята, оставшиеся без попечения родителей, тренируются на спортивных площадках Дворца для детей и юношества (ДДЮ) и комплекса «Еңбек».

– Как известно, в детских домах воспитывается немало перспективных детей, имеющих спортивные задатки будущих чемпионов. Поэтому наша задача – направить их потенциал в нужное русло, а затем в недалеком будущем гордиться их успехами на футбольном поприще, – рассказывает директор детской футбольной школы «United kids Football» Айбек Есенбеков. – Мы реализуем этот проект совместно с молодежью карагандинского футбольного клуба «Шахтер» в рамках проекта «Дорогой добра», который был презентован на форуме молодежи АО «НК «КТЖ». По условиям проекта, мы должны оказывать помощь социально уязвимым слоям населения. Изначально нам

пришла идея выявить спортивные таланты среди детей-сирот, детей из малоимущих семей, чтобы помочь им найти себя в спортивных секциях. Наша команда объехала детские дома Караганды, и нашла там двух талантливых воспитанников, которых устроили в частную спортивную школу по футболу, а также помогли им с приобретением формы и инвентаря.

– Шахтерской столице сегодня необходимы такие школы как наша, – говорит главный тренер Андрей Саминяйтис. – Очень важно развивать спорт в Казахстане и растить собственные кадры. Тем более, что талантливых детей у нас достаточно. Хотелось бы изменить сегодняшнюю ситуацию, когда в казахстанских футбольных командах за немалые деньги играют легионеры, а воспитанников казахстанского футбола мало. Поэтому как тренер могу сказать: молодежная организация АО «НК «КТЖ» делает большое дело и дарит добро детям!

Фото автора

ЖЕМ ІЗДЕП ЖЕМТІК БОЛУДА...



қауіпсіздік

Маңғыстаудың малдарына биыл нағыз жүт келгендей. Қуаншылық кесірінен жем іздеген аш-арық мал теміржолды жағалап жүр. Биылғы жылдың бес айында 62 мал пойызға басылған. Адал малдың бұлай арам қатып жатқанына жүрек сыздап, жаның ашиды...

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Маңғыстау теміржолы бойынша бас ревизоры өткен бес айда маңғыстаулық машинистер жолға шыққан малды баспас үшін жүзге жуық шұғыл тежеу беріпті. Бұл жалпы түбек теміржолы бойынша. Ал бір ғана Маңғыстау жол дистанциясының аумағында шұғыл тежеулер саны жүзден де асып кеткен.

– Жыл басынан тамыз айына дейін жолға шыққан мал үшін ТЧЭ-6 машинистері тарапынан 137 оқыс тежеу тіркелді. Соның 28-і мал басылумен аяқталды. Биылғы құрғақшылықтың да салдары болар, төрт түлік теміржол жағалауға үйір. Жол жиегіне шыққан азын-аулақ шөпті талғажау етеміні деп пойыздың астына түседі. Малдың жолға көп шығатын бекеттерді аралап, жергілікті тұрғындармен кездесулер ұйымдастырып, жеті айда жалпы саны 824 адамға түсінік жүргіздік, одан пайда жоқ, ашынған халық өзімізге дүрсе қоя береді, – деген Маңғыстау жол дистанциясының жетекші жол инженері Ержан Артықбаев теміржолдағы

малмен байланысты жағдайдың алдын алу үшін бұдан бөлек қоршауларды жөндеу, жаңадан салу жұмыстары өз ретімен жалғасып жатқанын айтады. Мекеме биыл жоспар бойынша 25 шақырым малдан қоршау салуды жоспарлаған. Тамыз айына дейін соның 10 шақырымы біткен.

Дистанция мамандары әкімдік, желілік полиция бөлімшесінің инспекторлары, магистральдық желі бөлімшесінің қызметкерлерімен бірлесіп мал иелерімен профилактикалық жұмыстарды жүргізіп-ақ жатыр, теміржол маңына мал баққан азаматтарға 5 АЕК мөлшерде айыппұл салынатынын да ескертеді. Әрине, айыппұл өз алдына. Одан бұрын теміржол қауіпсіздігі, малынан айырылған отбасының бюджетіне түсетін салмақ бар. Сыртқа айдалған малдың қуаншылықтан күйіп кеткен далада шөп таппай сенделіп құламына не пойыз астына түсіп арам қатпасына кім келіп? Бір шара қабылдау керек-ақ...

Суретті түсірген автор



ВАГОНМЕН КЕЛІП ВАКЦИНА АЛДЫ



COVID-19

Бүгінде коронавирусқа қарсы екпе алуға ниеттілер саны аудандарда да көбейіп отыр. Осыған орай Атырау облысының әкімшілігі «Қазақстан темір жолы» АҚ Атырау жүк тасымалы бөлімшесімен бірлесіп ауыл тұрғындарына вакцинаны облыс орталығынан алу мүмкіндігін сыйлады.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Осы мақсатта темір жол тарапы арнайы вагондар бөліп, жол бойындағы Қызылқоға және Мақат ауданының халқын тегін апарып-әкелуді өз мойнына алды. Екпе алушыларды Атырау темір жол вокзалынан арнайы автокөліктер күтіп алып, олардың бір бөлігі Атырау теміржол ауруханасының, екіншілері қалалық №7 емхананың екпе алу орындарына жіберілді.

– Аудандардан келіп, ерікті түрде екпе алып жатқандардың саны 50-ге жуықтайды. Олардың бір бөлігі вакцинаның екінші компонентін салдырып жатыр. Ауыл тұрғындарының бұлайша белсенділік танытуы бізді қуантып отыр. Себебі,



індеттен құтылудың жалғыз жолы екпе алу екенін көпшілік түсіне бастағандай. Облыстық әкімшіліктің мұрындық болуымен ұйымдастырылған бұл шара алдағы уақытта Атырау жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелерімен бірлесіп Құрманғазы және Исатай аудан-

дарының халқы үшін де ұйымдастырылатын болады, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асхан Байдуалиев.

Басқарма басшысының айтуынша, қазір облысымызда ресейлік «Спутник V», Қытай елінде шығарылған «CoronaVac», «VeraCell» және отандық «QazVac» вакциналары салынуда. Қай түрін алатынын екпе алдырушы өзі таңдайды. Олардың ішінде теміржолшылар да аз емес.

– Менің жасым 61-де. Бүгін вакцина алуға бел байладым. Осыған дейін көп ойландым. Себебі, халық арасында екпе жөнінде түрлі қауесеттер жүрді. Қазір індеттің күннен-күнге өршіп бара жатқанын көзбен көріп отырмыз. Төңірегімізде ауырып жатқандар да бар. Сол себепті, «Сақтансаң – сақтаймын» дегендей, өздігімен екпе алуды ұйғардым, – дейді Жантөре станциясының электромонтері Ерік Жұбанов.

Айта кетерлігі, пойызда екі вагон бар, Сағыздан Атырауға дейінгі жолдағы барлық станция, разъездерге тоқтап, вакцина алуға тілек білдіргендерді қалаға жеткізіп, кешке кейін алып келеді. Жолаушылар үшін жүру ақысы тегін. Пойыз екі араға осылай 10 күн бойына қатынайды. Сонымен қатар вакцина алғандарға сыйлықтар табысталады.

Суретті түсірген автор

ҰРЛЫҚ-ҚАРЛЫҚ КӨБЕЙГЕН

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша желі бойындағы қауіпсіздік шаралары қатаңдатылуда. Мәлім болғандай, соңғы айларда тұрғындар тарапынан қауіпсіздік ережелерін бұзу фактілері мен теміржол бөліктері мен құрылыстарын жымқыру жиілеген.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Сондықтан, желі бойындағы жазатайым оқиғалардың алдын алып қана қоймай, түрлі құқық бұзушылықтардың жолын кесу мақсат болып отыр. Бұл ретте жергілікті жолшылар арнайы жүргізілген акция аясында тұрғындарға, соның ішінде автокөлік тізгіндегендерге теміржол өтпесіндегі қауіпсіздік бойынша жадынама парақшалар таратып шыққан болатын. Ал, Семей станциясы бойынша желілік полиция бөлімшесінің пікіріне сүйенсек,

соңғы алты ай ішінде теміржол бойында орын алған 29 қылмыстық іс тіркеліпті. Мәселен, жуырда Дегелең станциясында үш адамнан біріккен топ теміржолдың бөліктері тиелген вагоннан ұрлық жасап ұсталды. Қозғалынған қылмыстық іс бойынша келтірілген шығын көлемі 68 мың 590 теңгені құраған.

Сонымен қатар, қала тұрғындары да теміржолдың реттелмеген жерінен өтіп, қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзудан тыйылар емес. Соның салдарынан жазатайым оқиғалар да орын алуда. Қайғылы жайттардың алдын алу мақса-

тында профилактикалық іс-шаралар жиі жүргізілуде. Бұл орайда бөлімшеге қарасты 724 шақырымдық желі бойындағы жеті полиция пунктіне біршама қатаң шаралар қолға алынған. Тексеру, із кесу жұмыстарына да мән берілуде. Соның нәтижесінде пойыздарда есірткілік заттарды заңсыз сақтаудың 4 фактісі тіркелген. Ал, әкімшілік-құқықбұзушылық жасағаны үшін 949 адам ұсталып, оның ішінде 99 адамға әкімшілік айыппұл салынған.

Қазіргі күні теміржол бойындағы қауіпсіздік шараларын нығайту, тұрғындар өмірін сақтап, жолаушылар мен теміржолшылар құқықтарын сақтау бойынша қолға алынған шаралар қатарына желілік полиция қызметкерлерінің халықпен әлеуметтік желі арқылы байланыс жасауы да кіреді. Мәселен, тұрақты жүргізілетін мониторинг барысында тұрғындар пікірі мен өтініштері ескеріліп, арыз-шағымдары да тіркеледі екен. Бұл жайт, сөз жоқ, еліміздегі теміржол қызметінің сапасына да оң ықпал ететіні анық.



ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сындыбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубәева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
т.ел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.